

8D01102 – Білім беру психологиясы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Альгожина Анар Рашидовнаның «Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Сарсенбаева Ботагөз Ғабдоллақызының

Жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (бекіту күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p>	<p>Қазіргі қоғамның заманауи білім беру кеңістігі әртүрлі өндірістік және білім беру іс-әрекетінде өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті кадрларға сұраныстың өсуімен сипатталады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына жолдауында ұлттың әлеуетін көтеруде шешуші рөл атқаратын білім беру жүйесінің жай-күйі туралы маңызды сұрақ туындайды, бұл білім берудегі ілгерілеудің қозғаушы күші өз ісіне адал педагогтар екенін көрсетеді. Демек, қазіргі білім берудегі инновациялық қайта құрулардың маңызды басым бағыттарының бірі жоғары мектептің бәсекеге қабілетті педагогтарының қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру процесі болып табылады. Осы орайда, А.Р. Альгожинаның «Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p>1. Диссертацияда көтеріліп отырған мәселе диссертант тарапынан арнайы қаржыландырылған жоба ретінде алынбаса да, бүгінгі білім саласындағы жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттері арасындағы өзара байланысы және олардың</p>

	<p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауын көрсету)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету)</p>	<p>дамуы оның өзектілігіне байланысты зерттеу жүргізілгенін атап өту керек.</p> <p>2. Диссертация Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2022 жылғы 03 мамырдағы № 118-VII Заңы (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). Ұлттық біліктілік шеңбері: әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжакты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген.</p> <p>Педагогтың кәсіби стандарты: «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы: педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы аясында орындалған.</p> <p>3. Зерттеу барысында жасалған жоғары мектеп педагогтарының нормативтік-құқықтық құжаттамасы бойынша (Қазақстанның «Ұлттық біліктілік шеңбері», «Педагог» кәсіби стандарты) талаптарына сәйкес келетін және пилотажды зерттеу нәтижелері бойынша қажетті кәсіби маңызды қасиеттер анықталып негізделді: жауапкершілік, коммуникабельділік, стресске төзімділік, толеранттылық және</p>
--	---	---

			<p>креативтілік. Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің көрсеткіштері арасында өзара байланыс анықтауы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаға сәйкестендіру басты ұстанымы ретінде тұжырымдауға және қорытуға болады.</p>
2.	<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған</p>	<p>Жоғары мектеп педагог тұлғасының психологиялық-педагогикалық мәдениетінің құрылымында эмоционалды интеллектті зерттеуге, қазіргі білім беру жағдайында қажетті кәсіби маңызды қасиеттерді анықтауға және дамытуға қатысты мәселелер жеткілікті зерттелмеген күйде қалып отыр. Жоғары білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті зерттеу педагогтардың кәсіби тиімділігі мәселелерін шешудегі маңызды бағыт болып табылады, себебі, эмоционалды интеллект қазіргі өмір талабына сай педагогтардың кәсіби деңгейін арттырудың маңызды шарты болып табылады. Бұл талаптарды тиімді шешу-жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын эмпирикалық зерттеу және эмоционалды интеллектті дамытудың тиімді, ғылыми негізделген жүйесін әзірлеу өзекті мәселе болуда. Осы орайда еліміздің педагогика және психология ғылымдарының дамуына диссертанттың зерттеуі өз үлес қосқан болып саналады. Диссертацияда ұсынылған болжам : егер жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетіне жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделі, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясы енгізілсе, онда бұл кәсіби іс-</p>

			<p>әрекетінің сапасын арттыруға ықпал етеді, өйткені бұл эмоционалды мәдениет саласындағы білімдердің, іскерліктердің, әлеуметтік дағдылардың мақсатты қалыптасуын, сонымен қатар, кәсіби іс- әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттердің дамуын қамтамасыз етеді. Демек, осы тұрғыда зерттеудің маңыздылығы ашылды деуге болады.</p>
3.	Дербестік принципі	<p>Дербестік деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары 2) орташа; 3) төмен 4) дербестік жоқ 	<p>Зерттеуде ғылыми, тәжірибелік ұсыныстар беру барысында, диссертант отандық білім беру жүйесіндегі талаптар мен өзгерістерге баса назар аударған және олардың нанымдылығын, сенімділігін жеке кәсіби тәжірибесіндегі фактілермен дәлелденгені жұмыстың жазу деңгейінің жоғарлығын көрсетеді. Өзі жазу принципін жоғары деңгейде ұстануы диссертанттың дерексөздермен жұмыс жасауда, теориялық бөлімді дәлелді жазуда, диагностикалық әдістерді таңдауда және енгізуде, зерттеу нәтижелерін түсіндіруде, диссертациялық жұмыстың соңында келтірілген қорытындыларға талдау және синтездеу әрекеттер жасауында көрінеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігін негіздеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық өзектілігінің негіздемесі мемлекеттік, ғылыми және тәжірибелік, қолданбалық, сұраныстарды талдау негізінде жасалған. Ұсынылған мәселені шешудің педагогикалық-психологиялық шарттарының жеткіліксіз негізделуі, психология және педагогика ғылымында жеткіліксіз зерттелуі деп анықталған қарама-қайшылықтарды шешудің дәлелді жолдарын іздеу қажеттілігіне көз жеткізу арқылы зерттеу мәселесін анықтады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетеді; 2) ішінара көрсетеді; 3) көрсетпейді 	<p>Диссертация мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындауға мүмкіндік береді. Диссертацияның ғылыми аппараты логикалық бірізділікті, ғылыми бірлікті, жүйелілікті, теория мен практиканының бірлігін</p>

			<p>айқындайды. Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды, ол кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшылардан тұрады. Бірінші тарауында жоғары білім контекстіндегі эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің байланысын зерттеудің теориялық аспектілері, екінші тарауында жоғары зерттеу мәселенің өзара байланысы, үшінші тарауында – зерттеу құбылысты қалыптастыру әдістемесі қарастырылған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толықтай сәйкестігі олардың логикалық байланысы және міндеттердің мақсатын детерминанты ретінде көрініс бергендігімен негізделеді. Зерттеу мақсатында жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделін, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясын теориялық негіздеу және эксперименталды түрде сынақтан өткізу деп алынған. Зерттеу міндеттеріне педагогтың эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерді зерттеудің қазіргі жағдайы мен мағыналық сипаттамасын талдау; жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттері ұғымдарының мазмұнын нақтылау, жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетіне қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау, негіздеу және жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттері арасындағы мәнді корреляцияларды анықтау, қазіргі білім беру кеңістігі жағдайында жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының</p>

			<p>құрылымдық-мазмұнды моделін жобалау, жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллектісін дамыту бағдарламасы мен технологиясын әзірлеу және жүзеге асыру, жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделінің, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясының тиімділігін тәжірибелік-эксперименталды жолмен тексеру деп алынған.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты: 1) толығымен өзара байланысты; 2) ішінара өзара байланыс; 3) өзара байланысы жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан деп тұжырым жасаймыз. Себебі, зерттеу мәселесі әдіснамалық, теориялық және практикалық тұрғыдан талданып, олардың нәтижелері де бір-бірінен туындауы және бірін бірі толықтырылуы арқылы толық байланыс бар екенін айқындайды.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың дәйексөздерін білдіреді</p>	<p>Жұмыс сыни талдауларға негізделген. Себебі, жұмыс эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын отандық, алыс-жақын шетелдердің тәжірибесін теориялық талдау арқылы жазылған. Докторант өзінің тұжырымдамаларын сындарлы ойлау, пайымдау арқылы жасаған деп негіздеуге бүгінгі таңдағы тәжірибені басшылыққа ала отырып шешімдер мен пайымдау жасалғандығы дәлел бола алады. Мәселен, когнитивтік және эмоционалды процестер арасындағы байланыс теориялары (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн және басқалар); эмоционалды интеллекттің заманауи теориялық және эмпирикалық зерттеулері (D. Goleman, R. BarOn, R. Cooper, J.D. Mayer, D. Caruso, P. Salovey, R. Roberts, R.J. Stenberg, M. Zeidner, Э.Л. Носенко, Н.В. Коврига, Д.В. Люсин, М.А. Манойлова, И.Н. Андреева, Е.А. Сергиенко, Е.А. Хлевная, Г.Г. Гарскова, Е.И. Бурдина); кәсіптік білім беру</p>

және біліктілікті арттыру жүйелерін жетілдіру бойынша қағидалары мен идеялары (А.А. Бодалев, Е.А. Климов, В.В. Петухов, А.И. Смирнов, Г.А. Урунтаева және т.б.); кәсіби іс-әрекетте тұлғаның дамуы, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру теориялары (А.Б. Орлов, Л.М. Митина, Н.С. Пряжников, В.И. Долгова, В.К. Шаяхметова, С.М. Жақыпов және т.б.); педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері мәселесі бойынша ғылыми қағидалары (Ю.Н. Кулюткин, А.К. Маркова, Е.И. Рогов, В.А. Слостенин және т.б.); кәсіби іс-әрекетті құрылымдық-функционалдық зерттеулер (Н.В. Кузьмина, В.Д. Шадриков және басқалар).

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде маманның кәсіби маңызды қасиеттері мәселесі бойынша әртүрлі аспектілері көрсетілген: А.А. Деркач, В.Л. Марищук, Б.А. Душков, А.В. Королев, Б.А. Смирнов, С.В. Тарасов, Е.И. Гарбер, В.В. Козача, М.В. Григорьева, Э.Ф. Зеер, А.В. Карпов, Н.В. Кузьмина, О.А. Шушерина, А.К. Маркова. Айтарлықтай үлесті, В.Д. Шадриков, В.А. Бодров, Е.А. Климов, Н.С. Пряжников, В.А. Слостенин сияқты ғалымдар қосты. Қазіргі уақытта келесі ғалымдар кәсіби маңызды қасиеттерді зерттеумен айналысады: К.В. Колесниченко, И.Н. Леонов, А.Р. Григорян, Е.В. Шубина, А.Г. Петрова, С.Г. Лещенко, Ю.А. Анцибор, Т.В. Жукова, В.И. Долгова және тағы басқалар. Зерттеулер арасында педагогтың кәсіби маңызды қасиеттеріне арналған жұмыстар ерекше қызығушылық тудырады: Е.Г. Ромицына, В.А. Мазиллов, Наурулина, О.Г. Старцева, Е.С. Романова, Е.Ю. Максимова, В.В. Белов, А.В. Щиглинская, О.А. Вдовина, Б. Даутова, О.Н. Крылова және тағы басқалар. Зерттеудің тағы бір құндылығы диссертанттың әрбір зерттеуші тұжырымдарынан кейін

			өзінің пайымдауын салыстырмалы түрде, аргумент, факт негізінде ұстануында. Сонымен қатар логикалық байланыста қазіргі білім беру кеңістігі жағдайында жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделі жасалынды. Зерттеудің тәжірибелік нәтижесінде «Эмоционалды интеллектіні дамыту» атты бағдарламасы енгізілді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	Ғылыми нәтижелер мен қағидадттар толығымен жаңа. Оған диссертациядағы көтеріліп отырған ғылыми мәселенің осыған дейін ғылыми тұрғыдан қарастырылмағандығы; аталған мәселенің бүгінгі таңдағы жаңартылған білім беру мәселесі төңірегінде алынғандығы және әлемдік деңгейде жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының заманауи зерттеулер қажеттілігі жұмыстың өзектілігін арттады. Зерттеуде қалаған қасиетінің ғылыми-теориялық негіздерінің қалыптасуы мен қазіргі жағдайы зерттелді, эмоционалды интеллект пен кәсіби байланысына маңызды қасиеттерінің өзара ықпал ететін қағадаттары нақтыланды, тәжірибелік-эксперименталдық жұмысы негізінде айқындалған құрылымдық-мазмұндық моделі тексерілді.
		5.2 Диссертацияның тұжырымдары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Себебі, берілген қорытындылыр зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттерге орай беріліп отырғандығымен, сонымен қатар мемлекеттік сұранысқа сәйкестігімен дәлелдеуге болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады: 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%);	Кәсіби даярлау үдерісін арнайы технологиялық сүйемелдеуді қажет ететін болғандықтан диссертант теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік жұмыс барысында да толығымен жаңа шешімдермен қамтамасыз

		3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	еткен. Жұмыстағы атап ететін жәйт, ЖОО-ғы білім беру барысында күнделікті қолданып жүрген педагогикалық мүмкіндіктер мен шарттардың мәні, сонымен қатар жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын қалыптастыру барысында пайдалануға болатындығы дәлелденген.
6.	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген / негізделмеген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдарға дайындық бағыттары үшін)	Диссертант зерттеу тақырыбына сәйкес когнитивтік және эмоционалды процестер арасындағы байланыс теориялары (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн және басқалар); эмоционалды интеллекттің заманауи теориялық және эмпирикалық зерттеулері (D. Goleman, R. BarOn, R. Cooper, J.D. Mayer, D. Caruso, P. Salovey, R. Roberts, R.J. Stenberg, M. Zeidner, Э.Л. Носенко, Н.В. Коврига, Д.В. Люсин, М.А. Манойлова, И.Н. Андреева, Е.А. Сергиенко, Е.А. Хлевная, Г.Г. Гарскова, Е.И. Бурдина); кәсіптік білім беру және біліктілікті арттыру жүйелерін жетілдіру бойынша қағидалары мен идеялары (А.А. Бодаев, Е.А. Климов, В.В. Петухов, А.И. Смирнов, Г.А. Урунтаева және т.б.); кәсіби іс-әрекетте тұлғаның дамуы, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру теориялары (А.Б. Орлов, Л.М. Митина, Н.С. Пряжников, В.И. Долгова, В.К. Шаяхметова, С.М. Жақыпов және т.б.); педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері мәселесі бойынша ғылыми қағидалары (Ю.Н. Кулюткин, А.К. Маркова, Е.И. Рогов, В.А. Сластенин және т.б.); кәсіби іс-әрекетті құрылымдық-функционалдық зерттеулер (Н.В. Кузьмина, В.Д. Шадриков және басқалар) зерттеушілер жұмыстарына сүйенеді. Осы орайда диссертациядағы барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға	Әрбір ереже бойынша мынадай	Қазіргі заманғы отандық және

<p>ұсынылатын негізгі ережелер</p>	<p>сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Жағдай дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденген;</p> <p>2) жартылай дәлелденген;</p> <p>3) жартылай дәлелденбеген;</p> <p>4) дәлелденбеген</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>шетелдік ғылым мен практикадағы жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздемелеріне сүйенгендігі дәлел болмақ.</p> <p>Жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттері – кәсіби іс-әрекетті (оқытушылық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту, әлеуметтік-кәсіби өзара әрекеттесу) тиімді орындауды қамтамасыз ететін психологиялық қасиеттер мен кәсіпті сәтті игеруге ықпал ететін қабілеттер жиынтығы ретінде анықталды деген бірінші қорытынды тұжырым расталды. Зерттеудің екінші қағидатында жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің көрсеткіштері арасында өзара байланыс болады, яғни жоғары мектеп педагогтарының эмоцияларын басқару, экспрессияны бақылау және эмоцияларды басқару жалпы интерналдылықпен оң корреляцияда өзара байланысады; басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және экспрессияны бақылау жетістіктердің интерналдылығымен; тұлғааралық эмоционалды интеллект сәтсіздіктер саласындағы интерналдылықпен және тұлғааралық қатынастар саласындағы интерналдылықпен; өз эмоцияларын басқару және эмоцияларды басқару өндірістік қатынастар саласындағы интерналдылықпен; эмоцияларды түсіну денсаулық пен ауру саласындағы интерналдылықпен байланысады;</p> <p>– педагогтардың өз эмоцияларын түсіну, басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және жалпы эмоцияларды түсіну креативтілікпен байланысады;</p> <p>– педагогтардың басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, тұлғааралық эмоционалды интеллект және жалпы эмоцияларды түсінуі коммуникабельділікпен</p>
------------------------------------	---	---

байланысады;

– педагогтардың өз эмоцияларын басқару, экспрессияны бақылау және эмоцияларды басқару стресске төзімділікпен байланысады;

– педагогтардың басқаның эмоцияларын танып білу, басқаның эмоцияларын басқару, жалпы эмоцияларды басқару толеранттылықпен;

басқаның эмоцияларын басқару этникалық толеранттылықпен және тұлғаның сипаты ретіндегі толеранттылықпен; тұлғааралық эмоционалды интеллект әлеуметтік толеранттылықпен; тұлғашылық эмоционалды интеллект тұлғаның сипаты ретіндегі толеранттылықпен байланысы айқындалады.

Үшінші қағидатында зерттеу нәтижесінде анықталған мүмкіндіктер, шарттар мен кезеңдер өзара байланысты екендігі құрылымдық-мазмұндық моделін іске асыруда дәлелденеді.

Диссертация тривиалды емес деп бағалауға әр берілген ақпарат тұжырымдалып, нақты нәтижелер көрсетілгендігі дәлел.

Ұсынылған қағидаттар, зерттеу нәтижесінің қорытындылары, тұжырымдамалары ғылыми және практикалық жаңалықтары ретінде көрініс тапқан.

Қолдану деңгейі кең.

Себебі, диссертацияның ішкі мазмұнындағы берілген ақпарат жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын дамытуға мүмкіндігі анықталған.

Зерттеу нәтижелері бойынша 8 ғылыми еңбек жарияланған, соның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда-5, Scopus халықаралық ақпараттық базасына кіретін шет елдік басылымында -1, Халықаралық және республикалық

			деңгейде ғылыми-тәжірибелік конференция матеалдары жинақтарында-2 басылып шыққан. Әрбір мақалада ғылыми қағидаттар дәлелденген.
8.	Шынайылық принципі Дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың шынайылығы	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдістеме толық сипатталған 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың мазмұны әдіснамалық, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан ұстамды деп айтуға болады. Диссертанттың әдіснамалық тұрғыдан негіздеме жасауы, білімді бағалау барысындағы теорияларды түбегейлі талдауы, осылардың барлығы тұжырымдамалап келіп тәжірибеде қолдануға тиімділігін дәлелдеу арқылы көрсетілген. Зерттеуде фундаменталды философиялық, психологиялық, педагогикалық теориялар мен әдіснамалық принциптері ашылды және ғылыми дәлелі бар. Себебі жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы тұрақты жүйе ретінде анықталған.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: 1) иә; 2) жоқ	Жұмысты бағалау үдерісінде кері байланыс басты мәселе ретінде болғандықтан диссертант осы кері байланысты компьютерлік технологияны пайдалана отырып орнатқан. Жүргізген эксперимент жұмыстарында технологияларсыз қол жеткізу мүмкін еместігін алға тартуға болады. Солай, статистикалық әдістер: корреляциялық талдау, Стьюдент, Спирмен, Манна-Уитни, Вилкоксон өлшемдері. Статистикалық мәліметтерді өңдеу үшін «IBM SPSS Statistics» бағдарламалық пакеті пайдаланылды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә;	Диссертациялық жұмыстағы жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының мазмұндық-құрылымдық моделінің көптеген педагогикалық, психологиялық тұжырымдар негізінде байқауға болады. Мәселен, жоғары мектеп педагогының эмоционалды

		<p>2) жоқ</p>	<p>интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы: әдіснамалық (тұғырлар, қағидаттар, шарттар), мазмұндық (теориялық, практикалық), зерттелуші (компоненттер, көрсеткіштер) блоктарын біріктіретін құрылымдық-мазмұнды моделін әзірлеу теориялық және эмпирикалық зерттеудің біріңғай болуын көруге болады. Сонымен қатар, эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллектті дамыту бойынша арнайы курс пен оқыту тренингтік сабақтары тәжірибеге ендіріліп, зерттеудің мақсатына қол жеткізілді, ғылыми болжам дәлелденді, қойылған міндеттер шешілді деген қорытындылар дәлел.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Берілген мәліметтер мен ақпараттар мемлекеттік нормативтік құжаттарға, басшылыққа алынған теориялар авторларының идеясын түбегейлі талдап, оны өз зерттеуіне трансформациялауы және сілтемелер жасалуымен расталған. Зерттеу мәселесіне қатысты маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерге (монографиялар, диссертациялар, ғылыми мақалалар) сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті леп қорытындылауға болады. Себебі зерттеу барысында диссертант 214 әдебиет (дерек көзі) пайдаланылған және қолданылған әдебиеттер тақырыпқа толықтай сәйкес.</p>
<p>9.</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің теориялық маңыздылығы қазіргі педагогикалық-психологиялық ғылымның теориялық және практикалық мазмұның толықтыру болып табылады. Эмоционалды интеллекттің және кәсіби маңызды қасиеттердің қазіргі жағдайы мен мағыналық сипаттамасын талдау, «эмоционалды интеллект» және «жоғары мектеп педагогының кәсіби</p>

		<p>маңызды қасиеттері» ұғымдары нақтыланды. Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделін әзірленіп, іске асырылған. Сонымен қатар, жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының мазмұнының ғылыми-әдістемелік тұтастығында қарастыруы.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы зерттеу барысында жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының мазмұндық-құрылымдық моделін қолдану мүмкіндігінің жоғарылығымен дәлелденді. Аталған моделді қолдану жолдары жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының адекватты бағытқа бағдарлауы, шарттарын ұйымдастыру мен жүргізуде басшылыққа алады. Зерттеу материалдарын, нәтижелері мен ұсыныстарын «Педагогикалық ғылымдар» бағыты ғана емес, басқада мамандық бағыттары бойынша қолдана алады. Демек, зерттеудің қолдану аясы кең. Зерттеліп отырған мәселенің диссертанттың тікелей кәсіби қызметімен байланысты болғандығы да диссертацияның практикалық құндылығын арттырады.</p>
	<p>9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%-ы ғана жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p>	<p>Зерттеу барысында жасалған практикалық ұсыныстардың толығымен жаңа екендігін зерттеу мәселесінің алғашқы рет зерттеу нысанына айналуы дәлел демек. Себебі, олар диссертацияда алынған міндеттерге сәйкес жаңалық ретінде қарастыралатындығымен айқындалады.</p>

10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазудың сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташа деңгейден төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс, ғылыми стильді ұстанған, жүйелік құрылымы сақталған, сілтемелерді орынды қолданған. Диссертацияны жазу барысында академиялық тазалық ұстанымдарын басшылыққа алынған. Сонымен қатар, академиялық жазу сапасын жоғары деп бағалауға диссертанттың барлық ұғымдар мен түсініктерге контент талдау жасалғандығы және берілген тұжырымдардың академиялық ұстамдылығымен дәлелденеді.
-----	---------------------------	--	---

Орындалған зерттеу тұтас, өзекті, дербес және аяқталған болып табылады, 8D01102 – Білім беру психологиясы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты, 8D01102 – Білім беру психологиясы білім беру бағдарламасы бойынша докторант Альгожина Анар Рашидовнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш білдіремін.

Ресми рецензент:

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
 Жоғары педагогика мектебінің профессоры,
 педагогика ғылымдарының кандидаты

Сарсенбаева – Б.Ф. Сарсенбаева

12.12.2022 ж

